

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 643 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 ақпандағы N 292 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабының 4-тармағына, 38-бабына, 38-1-бабына, 43-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 643 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Сот жюриі туралы ереже;"

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Судьялыққа кандидаттың тағылымдамадан өтуі туралы ережеде:

4-тармақта "бір жылға" деген сөздер "алты айға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша:

аудандық сот судьясының лауазымына кандидат үшін - кемінде екі жыл;

облыстық сот судьясының лауазымына кандидат үшін - кемінде он жыл, оның ішінде, әдетте, кем дегенде бес жыл судья болған;

Жоғарғы Сот судьясының лауазымына кандидат үшін - кемінде он бес жыл, оның ішінде, әдетте, кем дегенде он жыл судья болған жұмыс стажы бар;"

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тағылымдамадан өту судьялық лауазымға кандидат тұратын жері бойынша тіркелген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аудандық соттарында жүзеге асырылады.";

13-тармақтың бірінші абзацы "жетекшісін тағайындайды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ тағылымдамашы-кандидат туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды" деген сөздермен толықтырылсын;

16-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысы үш жыл бойы жарамды

болады, ол мерзім өткеннен кейін судья лауазымына тағайындалмаған кандидатқа қысқартылған бағдарлама бойынша бір ай ішінде тағылымдамадан қайтадан өту қажет.

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Судьялардың республикалық және облыстық тәртіптік-біліктілік алқалары туралы ереже осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4) осы Жарлыққа 2-қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 7 а қ п а н д а ғ ы

№ 2 9 2 Ж а р л ы ғ ы н а

1-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 6 м а у с ы м д а ғ ы

№ 6 4 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Судьялардың республикалық және облыстық тәртіптік-біліктілік алқалары туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес (бұдан әрі - Конституциялық заң) Судьялардың республикалық және облыстық тәртіптік-біліктілік алқалары туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) судьялардың тәртіптік-біліктілік алқаларын құру, жұмысын және қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ олардың тәртіптік іс жүргізуді қозғау, тәртіптік істер және біліктілік іс жүргізу материалдарын қарау тәртібін, судьяның орнынан түсу құқығын бекіту, оны тоқтату мәселелерін белгілейді.

2. Судьялардың республикалық және облыстық тәртіптік-біліктілік алқалары (бұдан әрі - тәртіптік-біліктілік алқалар) Қазақстан Республикасының судьяларына қатысты тәртіптік істер және біліктілік іс жүргізу материалдарын, судьяның орнынан түсу құқығын бекіту және оны тоқтату мәселелерін қарау жөніндегі органдар болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасымен берілген шектерде судьяларға тәртіптік іс жүргізуді қозғау, тәртіптік жазалар беру құқығын иеленеді.

3. Өз міндеттерін орындау кезінде тәртіптік-біліктілік алқалар тәуелсіз және тек Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңға бағынады, сондай-ақ өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

Тәртіптік-біліктілік алқалардың жұмысына араласуға және оның мүшелеріне қандай да бір ықпал етуге ешкімнің құқығы жоқ. Тәртіптік-біліктілік алқаның мүшесі қабылданған шешімдердің мәні туралы қандай да бір түсінік беруге міндетті емес.

2. Тәртіптік-біліктілік алқаларды құрудың тәртібі және олардың өкілеттіктері

4. Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысында жасырын дауыспен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларының ішінен кемінде 7 мүшеден екі жыл мерзімге сайланады.

Облыстық тәртіптік-біліктілік алқалар, облыстық және оларға теңестірілген соттардың жалпы отырыстарында жасырын дауыспен, облыстық және оларға теңестірілген соттар судьяларының ішінен 3-тен 7 мүшеге дейін екі жыл мерзімге сайланады.

5. Тәртіптік-біліктілік алқалардың құрамына сайлануға кемінде бес жыл судьялық стажы бар, тәртіптік жазасы жоқ, судьялар қауымы арасында беделді судьялар ұсынылады.

6. Тәртіптік-біліктілік алқаның төрағасы және хатшысы осы алқаның отырысында оның мүшелерінің ішінен, жай көпшілік дауыспен сайланады.

7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және алқа төрағалары, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары және алқа төрағалары, Судья этикасы жөніндегі комиссияның және Сот жюриінің мүшелері, Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алқасы және Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері тәртіптік-біліктілік алқалардың құрамына сайлана алмайды.

8. Тәртіптік-біліктілік алқаның мүшелерін міндетінен босату тиісті соттың жалпы отырысында жүзеге асырылады. Осы алқа өкілеттігінің қалған мерзіміне алқаның жаңа мүшесін сайлау жалпы отырыстың регламентінде белгіленген тәртіппен өткізіледі.

9. Тәртіптік-біліктілік алқаның төрағасын және мүшелерін міндеттерін атқарудан босату үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) алқа мүшесінің сайлану мерзімінің аяқталуы;
- 2) судьяның тәртіптік жауапкершілікке тартылуына әкеп соққан сот істерін қарау кезінде заңдылықтың бұзылуы;
- 3) судья этикасына қайшы келетін теріс қылықтың жасалуы;
- 4) Конституциялық заңның 33-35-баптарында көзделген негіздер.

10. Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа:

1) Республиканың кез келген судьясына қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау т у р а л ы мә с е л е н і ;

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының алқа төрағаларына және судьяларына, облыстық соттардың төрағаларына және алқа төрағаларына қатысты т ә р т і п т і к і с т е р д і ;

3) облыстық тәртіптік-біліктілік алқалардың шешімдеріне шағымдарды;

4) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьяларының, облыстық және оларға

теңестірілген соттардың төрағалары және алқа төрағаларының орнынан түсу құқығын бекіту және оны тоқтату туралы мәселені;

5) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларына, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары және алқа төрағаларына жоғары біліктілік сыныбынан басқа біліктілік сыныптарын беру туралы мәселені қарайды.

11. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқалар облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына, аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына және судьяларына қатысты:

1) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселені;

2) тәртіптік істерді;

3) судьяның орнынан түсу құқығын бекіту туралы мәселені;

4) орнынан түсуді тоқтату туралы мәселені;

5) жоғары біліктілік сыныбынан басқа біліктілік сыныптарын беру туралы мәселені қарайды.

12. Тәртіптік-біліктілік алқа мүшесіне қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселені тиісті жалпы отырыстың шешімі бойынша Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа қарайды.

Тәртіптік-біліктілік алқаның мүшесіне қатысты тәртіптік істі Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа қарайды.

13. Тәртіптік-біліктілік алқалардың жұмысы туралы ақпарат жылына кемінде бір рет соттардың жалпы отырыстарында тыңдалады.

3. Тәртіптік-біліктілік алқаның жұмысын ұйымдастыру

14. Өзіне қатысты мәселе қаралатын судья істі қарау басталғанға дейін тәртіптік алқаның мүшелеріне дәлелді қарсылық білдіруге құқылы.

Қарсылық білдіру туралы мәселе қарсылық білдірушінің қатысуынсыз, тәртіптік алқаның қарауға қатысқан барлық мүшелерінің жай көпшілік даусымен шешіледі.

15. Тәртіптік-біліктілік алқаның шешімі, оған қандай да бір ықпал ету мүмкіндігі болмайтындай жағдайда, кеңесу бөлмесінде жай көпшілік дауыспен қабылданады. Шешім қабылдау уақытында кеңесу бөлмесінде тәртіптік-біліктілік алқаның мүшелері ғана бола алады. Тәртіптік-біліктілік алқа мүшесі дауыс беруден қалыс қалуға хақылы емес. Дауыстар тең түскен жағдайда өзіне қатысты мәселе қаралып отырған судьяның жағдайын жақсартатын шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуге тиіс.

16. Шешім жазбаша нысанда әзірленеді және оған істі немесе материалды қарауға қатысқан тәртіптік-біліктілік алқа мүшелерінің барлығы қол қояды. Азшылықта қалған тәртіптік-біліктілік алқа мүшесі кеңесу бөлмесінде өзінің ерекше пікірін жазбаша білдіруге құқылы. Ерекше пікір төрағалық етушіге тапсырылады және мөрленген конвертпен іс материалдарына тіркеледі. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқаның шешіміне шағым жасалған жағдайда, Республикалық тәртіптік-біліктілік алқаның

мүшелері ерекше пікірмен таныстырылады.

Ерекше пікір бар екендігі жөнінде судья және басқа адамдар хабардар етілмейді.

17. Тәртіптік-біліктілік алқа тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы, судьяның орнынан түсуін тоқтату туралы мәселе қойған органнан немесе лауазымды адамнан қажетті құжаттар мен материалдарды танысу үшін талап етуге, сол сияқты және оларды қарау кезінде судья заң бұзушылыққа жол берген сот істерімен танысуға хақылы.

Даулы мәселелерді түсіндіру қажет болған жағдайда тәртіптік-біліктілік алқа Конституциялық заңның 25-бабының ережелерін қатаң сақтай отырып, тиісті адамдардан түсінік алуға құқылы.

18. Тәртіптік-біліктілік алқаның отырысында хаттама жүргізіледі. Хаттамаға отырысқа төрағалық етуші және алқа хатшысы қол қояды.

19. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының, соттар әкімшісінің мемлекеттік қызметшілерінің құрамынан құрылған хатшылық тәртіптік-біліктілік алқаның жұмысшы органы болып табылады.

20. Осы Ережеде көрсетілмеген тәртіптік-біліктілік алқалардың жұмысын ұйымдастыру мәселелері және тәртіптік-біліктілік алқаларда іс жүргізу Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа бекітетін регламенттің негізінде жүзеге асырылады.

4. Тәртіптік іс жүргізуді қозғаудың негіздері және тәртібі

21. Судьялар Конституциялық заңның 39-бабында көзделген негіздерде ғана тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

22. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясына, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына және алқа төрағаларына қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы Республикалық тәртіптік-біліктілік алқаға ұсыным жасай алады.

23. Конституциялық заңның 41-бабына сәйкес, Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа судьяның сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жол берген, сондай-ақ қоғамдық пікір тудырған тәртіптік теріс қылық фактісі бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынымы негізінде Республиканың кез келген судьясына қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселені қарай алады.

24. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және жергілікті соттардың төрағалары, Қазақстан Республикасы Судьялар одағы облыстық филиалдарының Судья этикасы жөніндегі комиссиялары, орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары облыстық және оған теңестірілген соттың судьясына, аудандық және оған теңестірілген соттың төрағасына және судьясына қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау мәселесі туралы тиісті облыстық тәртіптік-біліктілік алқаға ұсыным жасауға құқылы.

25. Тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселені қарауға бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдары да себеп бола алады.

26. Судьяның тәртіптік теріс қылығын дәлелдеу міндеті өтінішті берген адамға немесе органға жүктеледі. Бұл ретте, судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселені шешу, тәртіптік істі қарау кезінде аталған адамның (органның) немесе оның өкілінің қатысуы міндетті.

27. Тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіздің бар екендігі туралы мәселе Конституциялық заңның 42-бабында белгіленген мерзімдерде шешіледі.

28. Тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы немесе тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіздің жоқтығы туралы шешім қаулы нысанында шығарылады, оған тәртіптік-біліктілік алқаның барлық мүшелері қол қояды.

29. Тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселені қарауға бастамашы болған адамдар және органдар облыстық тәртіптік-біліктілік алқаның тәртіптік іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулысына, қаулының көшірмесін алған күннен бастап он күннен кешіктірмей Республикалық тәртіптік-біліктілік алқаға шағымдана алады.

30. Тәртіптік істі қарау мерзімі Конституциялық заңның 42-бабының екінші бөлігімен реттеледі.

5. Судьяның орнынан түсу құқығын бекіту және тоқтату туралы мәселені қараудың тәртібі

31. Судьяның орнынан түсу құқығын бекіту туралы мәселені қарау оның арызының негізінде жүзеге асырылады. Арызға судьяның еңбек жолының мінсіз және қажетті судьялық стажының бар екенін куәландыратын құжаттар тіркелуі тиіс.

32. Орнынан түсу құқығын бекіту туралы арыз тиісті қорытынды шығарыла отырып, екі апталық мерзім ішінде қаралуға тиіс.

33. Орнынан түсу құқығын іске асыруға жағдайлардың жоқтығы туралы тәртіптік-біліктілік алқаның қорытындысы судьяны қызметінен орнынан түсу нысанында босатудан бас тартуға негіз болады.

34. Судьяның орнынан түсуі Конституциялық заңның 35-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылады. Орнынан түсуді тоқтату туралы ұсынымды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, жергілікті соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орталық уәкілетті мемлекеттік орган және жергілікті соттар әкімшілері, сондай-ақ жеке арызы бойынша судья бере алады.

6. Тәртіптік-біліктілік алқалардың шешімдеріне шағымдану

35. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқаның тәртіптік іс бойынша шешіміне өзіне қатысты шешім шығарылған судья, тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы мәселеге бастамашы болған адамдар және органдар шешімінің көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде Республикалық тәртіптік-біліктілік алқаға шағымдана алады, оның шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

36. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқаның біліктілік іс жүргізу бойынша шешіміне, судьяның орнынан түсу құқығын бекіту немесе тоқтату туралы қорытындысына өзіне қатысты шешім шығарылған судья он күн мерзім ішінде шағымдана алады.

37. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқаның шешіміне шағымдану мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа оны өзіне қатысты шешім шығарылған не біліктілік іс жүргізу материалдары қаралған судьяның өтініші бойынша қалпына келтіреді.

38. Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа шағым бойынша тәртіптік іс немесе материалды қараудың нәтижесінде келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) шешімді өзгеріссіз қалдырады;
- 2) шешімді өзгертеді;
- 3) шешімнің күшін жойып, жаңа шешім қабылдайды;
- 4) шешімнің күшін жойып, тәртіптік істі сол тәртіптік-біліктілік алқаға жаңадан қарауға жібереді;
- 5) облыстық тәртіптік-біліктілік алқаның шешімінің күшін жойып, тәртіптік істі тоқтатады.

39. Осы Ереженің 37-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, істі жаңадан қараудың мерзімі бір айдан аспауы тиіс.

40. Тәртіптік іс:

- 1) тәртіптік іс жүргізуді қозғау мерзімдері өтіп кеткен;
- 2) тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімі өтіп кеткен;
- 3) тәртіптік іс негізсіз қозғалған;
- 4) судьяның әрекетінде тәртіптік теріс қылық болмаған;
- 5) судья іс қаралған сәтте басқа қызметке ауысып кеткен немесе оның өкілеттігі Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 1)-6), 9)-10) тармақшаларында көрсетілген негіздерде тоқтатылған жағдайларда қысқартылады.

7. Тәртіптік жазаның күшінде болу мерзімі және оны алудың тәртібі

41. Тәртіптік жаза берілген күннен бастап бір жыл бойы күшінде болады. Егер жаза берілген күннен бастап бір жыл бойына судьяға жаңа тәртіптік жаза берілмесе, онда ол тәртіптік жазаға тартылмаған болып саналады.

Судьяға бірнеше жаза берілген жағдайда, ол уақыты бойынша соңғы жаза берілген күннен бастап бір жыл мерзім өткенге дейін жазаға тартылған болып есептеледі.

42. Тәртіптік жаза берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін оны осы жазаны берген тәртіптік-біліктілік алқа, судьяның тәртібі мінсіз болып, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқарған жағдайда, судьяның немесе судьялар қауымдастығы органының өтініші бойынша мерзімінен бұрын алуы мүмкін.

8. Тәртіптік-біліктілік алқалардың қызметін қамтамасыз ету

43. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқалардың қызметін ұйымдық, қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жергілікті соттар әкімшілері

ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Республикалық тәртіптік-біліктілік алқаның қызметін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты қамтамасыз етеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 7 а қ п а н д а ғ ы
N 2 9 2 Ж а р л ы ғ ы н а

2-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 6 м а у с ы м д а ғ ы
N 6 4 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

С о т ж ю р и і т у р а л ы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Сот жюриі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясына , "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес әзірленді және Сот жюриінің өкілеттіктерін, құрылу тәртібін, жұмысын ұйымдастыруды және қызметін айқындайды.

2. Әркімнің сот арқылы қорғалуға конституциялық құқығын қамтамасыз ету мақсатында, жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау үшін алқалы орган ретінде Сот жюриі құрылады.

3. Сот жюриінің мүшелері өз қызметінде тәуелсіз және тек Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және осы Ережеге бағынады.

4. Сот жюриінің қызметіне араласуға және оның мүшелеріне ықпал етуге жол берілмейді. Сот жюриінің мүшесі өзіндегі іс материалдары, қабылданған шешімдер бойынша қандай да бір ақпарат беруге хақылы емес.

2. Сот жюриін құру тәртібі

5. Сот жюриінің құрамын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы бойынша жұмыс істеп жүрген судьялардың, сондай-ақ орнынан түскен судьялардың қатарынан балама негізде жасырын дауыс беру арқылы үш жыл мерзімге Жоғарғы Соттың жалпы отырысы сайлайды.

Сот жюриінің құрамына төраға және Сот жюриінің алты мүшесі енеді.

6. Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге барлық ұсынылған кандидаттар енгізіледі. Басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс алған кандидат сайланды деп есептеледі.

7. Жиналған дауыстар саны бойынша сайланған адамнан кейін тұрған кандидат Сот жюриінің қосалқы мүшесі болып есептеледі және кворумның болмауына әкеп соғатын Сот жюриінің мүшелеріне қарсылық білдірілген немесе олар өздігінен бас тартқан жағдайда Сот жюриі мүшесінің міндетін атқарады.

Сот жюриі мүшелерінің бірі шығып қалған жағдайда осы Ережемен белгіленген тәртіппен қалған мерзімге қосымша сайлау өткізіледі.

8. Сот жюриі құрамы өз мүшелерінің қатарынан көпшілік дауыспен Сот жюриінің төрағасын сайлайды.

9. Сот жюриі төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның тапсыруы бойынша төрағаның міндеттерін жюри мүшелерінің бірі атқарады.

10. Сот жюриінің құрамына ұсынылған судьялар және орнынан түскен судьялар кәсіби деңгейі жоғары, жеке еңбек жолы мінсіз, принципті, судьялар қауымы арасында беделді болуға тиіс.

11. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және алқаларының төрағалары, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары және алқаларының төрағалары, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алқасының және судьялардың тәртіптік-біліктілік алқаларының мүшелері Сот жюриі құрамына сайлана алмайды.

12. Сот жюриінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және оның құрамының кемінде бес мүшесі қатысқан жағдайда құқылы болады.

Сот жюриі жұмыс істеген уақытта оның мүшелері қолданыстағы заңнамаға сәйкес, отырыс өткізілетін жерге іссапарға жіберіледі және басқа міндеттерді атқарудан босатылады.

13. Сот жюриі өзінің қызметі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысын жыл сайын хабардар етіп отырады.

14. Сот жюриінің төрағасын немесе мүшесін міндеттерін атқарудан босату үшін мыналар негіз болып табылады:

1) Сот жюриінің құрамына кіретін судьяның қызметінен босатылуы, судьяның өкілеттіктерінің тоқтатылуы немесе орнынан түсуінің тоқтатылуы;

2) Сот жюриі мүшесінің судья этикасына қайшы келетін теріс қылық жасауы;

3) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 33 және 34-баптарымен көзделген басқа да негіздердің туындауы.

Сот жюриі мүшесін босату Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімімен жүргізіледі.

3. Материалдарды ұсыну, отырыстарды өткізу және Сот жюриінің шешімін шығару тәртібі

15. Судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау туралы материалдарды Сот жюриінде қарау үшін, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша көрсеткіштері төмен немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан да көп тәртіптік жазалары бар судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы облыстық немесе Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негіз болып табылады.

16. Қосымша тексеру жүргізу қажет болғанда, Сот жюриі түскен материалдарды қарау басталғанға дейін құжаттар мен материалдарды, соның ішінде қарау кезінде заңның бұзылуына жол берілген сот істерін сұратып алуға құқылы.

17. Нақты материалдар бойынша баяндамашыны және материалдарды қарау күнін Сот жюриінің төрағасы анықтайды.

18. Сот жюриінің хатшылығы қажетті құжаттардың жиналуын қамтамасыз етеді және Сот жюриі отырысының өткізілетін күні, уақыты және орны туралы Сот жюриінің мүшелеріне хабарлайды.

19. Сот жюриінің отырысы төрағалық етушінің жюри құрамын және отырысқа шақырылған адамдарды, сондай-ақ материалдарды қарауға негіз болған себептерді жария етуінен басталады.

20. Сот жюриі отырысында материалдарды қарау кәсіби біліктілігі күмән туғызатын судьяның міндетті түрде қатысуымен өткізіледі.

Кәсіби біліктілігі күмән туғызатын судья дәлелді себеппен келмеген жағдайда (науқастануы немесе Сот жюриінің отырысына қатысуына объективті кедергі келтірген өзге де мән-жайлар) Сот жюриінің отырысы кейінге қалдырылады. Судья Сот жюриінің отырысына келуден бас тартқан кезде материалдарды қарау оның қатысуынсыз өткізіледі.

21. Өзіне қатысты материалдар Сот жюриінің қарауына берілген судья материалдарды қарау басталғанға дейін жюри мүшелеріне дәлелді қарсылық мәлімдеуге құқылы.

Егер Сот жюриінің мүшесі кәсіби біліктілігі күмән туғызатын судьямен туыстық қатынаста болса не оның әділдігі және алаламаушылығына күмән келтіретін өзге де мән-жайлар болса, оның Сот жюриінің отырысына қатысуға құқы жоқ.

Сот жюриінің кез келген мүшесі материалдарды қараудан дәлелді түрде өздігінен бас тарту туралы мәлімдей алады.

22. Қарсылық білдіру немесе өздігінен бас тарту туралы мәселені Сот жюриінің мүшелері өзіне қатысты қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) мәлімделген адамның қатысуынсыз көпшілік дауыспен шешеді.

Мәлімделген қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) бойынша дауыс берудің нәтижелері отырыс хаттамасында көрсетіледі.

23. Кворумның болмауына әкеп соғатын қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) қанағаттандырылған жағдайда Сот жюриінің отырысы кейінге қалдырылады. Мұндай жағдайда нақты материалды қарау уақытында Сот жюриінің құрамын Сот жюриінің қосалқы мүшесі толықтырады.

24. Кәсіби біліктілігі күмән туғызатын судьяның іс жүргізудің мәнісі бойынша түсініктемелер беруге, қажетті материалдарды ұсынуға құқығы бар.

25. Қажетті жағдайларда Сот жюриінің отырысына түсініктемелер беру үшін кәсіби жарамдылығы бағалануға жататын судья жұмыс істейтін соттың төрағасы не сот алқасының төрағасы, сондай-ақ басқа адамдар шақырылуы мүмкін.

26. Кәсіби біліктілігі күмән туғызатын судьяға қатысты материалдарды қараудың нәтижелері бойынша Сот жюриі мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) судьяның атқаратын қызметіне сәйкес келетіндігі туралы;
- 2) судьяның кәсіби біліктілігін арттыру жөнінде қажетті шараларды қабылдау туралы (судьяны оқуға жіберу, судьяға тәлімгерлік белгілеу, жоғары тұрған сотта тағылымдама ұйымдастыру және т.б.);
- 3) судьяның кәсіби жарамсыздығына байланысты атқаратын қызметіне сәйкес келмейтіндігі туралы.

27. Сот жюриінің шешімі кеңесу бөлмесінде, оған қандай да бір ықпал ету мүмкіндігі болмайтындай жағдайда қабылданады. Шешім қабылдау кезінде кеңесу бөлмесінде Сот жюриінің мүшелері ғана бола алады. Сот жюриі мүшесі дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес. Сот жюриі мүшесінің ұсынысы бойынша дауыс беру жасырын түрде өткізілуі мүмкін. Сот жюриі мүшелерінің талқыланатын мәселелер бойынша пікірі жариялауға жатпайды.

28. Дауыстар тең түскен жағдайда Сот жюриі отырысында төрағалық етушінің даусы шешуші дауыс болып табылады. Шешім жазбаша нысанда қабылданады және оған отырысқа қатысқан барлық жюри мүшелері қол қояды. Сот жюриі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша түрде білдірілуі мүмкін және шешімге қоса тіркеледі.

29. Сот жюриінің шешімі қорытынды нысанында шығарылады және шағымдануға ж а т п а й д ы .

Шешімнің көшірмесі шығарылған күнінен бастап үш тәулік ішінде өзіне қатысты материалдар қаралған судьяға, сондай-ақ материалды берген сотқа жіберіледі.

Судьяның кәсіби жарамсыздығына байланысты атқаратын қызметіне сәйкес келмейтіндігі туралы шешім кейіннен Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасына жіберіледі.

30. Сот жюриінің қорытындысы:

- 1) Сот жюриінің құрамы;
- 2) материалды қарау орны және уақыты;
- 3) өзіне қатысты материал қаралған судья;
- 4) Сот жюриіне материалды жіберген сот;

- 5) Сот журиине материалды жіберуге негіз болған мән-жайлар;
- 6) өзіне қатысты материал қаралған судьяның түсіндірмелері;
- 7) Сот журиинің отырысына шақырылған басқа адамдардың түсіндірмелері;
- 8) қабылданған шешімнің негіздемесі көрсетілген Сот журиинің тұжырымдары туралы мәліметтерден тұруға тиіс.

31. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау туралы материалдар олар Сот журиине түскен күннен бастап екі ай мерзімде қаралуға тиіс. Қажет жағдайда бұл мерзімді Сот журиинің төрағасы әрі кеткенде бір айға ұзартуы мүмкін.

4. Сот журиинің жұмысын ұйымдастыру

32. Сот журиинің қызметін ұйымдастырудың, оның отырыстарын өткізудің шарты мен тәртібінің, сондай-ақ оның мүшелерінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың өзге де мәселелері бойынша Сот журиинің регламентін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы бекітеді.

33. Сот журиинің қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты жүзеге асырады.

34. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты мемлекеттік қызметшілерінің құрамынан қалыптастырылатын Сот журиинің хатшылығы Сот журиинің жұмысшы органы болып табылады.